

АБАТТАНДЫРУ МЕН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚТЫҢ КҮЗГІ ЕКІ АЙЛЫҒЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

2-бет



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№112
/10494/
жұма,
2 қыркүйек
2016 жыл



29 тамыз күні аудандық Мәдениет үйіне ағылған жұрттың қарасы көп болды. Себебі, мұнда бүгін салтанатты жиын – ҚР Конституциясы күні аталып өтпек. Қос жүргізушінің өлең жолдарымен өрнектеген, ыстық ықыласты сөздерінен кейін мінбеге аудан әкімі Мейірхан Азатұлы Өмірбеков көтеріліп, меркіліктерді Қазақстан Республикасының Ата Заңы күнімен құттықтады.

Әтіркүл ИСАЕВА, Расул МАЛЛАБАЕВ (сурет), «Меркі тынысы».

АТА ЗАҢЫМЫЗ АРҚАҚТАЛҒАН КҮН



Залдан көрініс

Аудан әкімі
М.Өмірбеков

– Биыл еркіндік пен бейбітшілікті ту еткен еліміздің Конституциясының қабылданғанына 21 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде еліміздің Конституциясы стратегиялық маңызы зор мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға берік негіз қалады. Қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүйесін қалыптастыруға мол мүмкіндіктер берді. Осы орайда барша аудан жұртшылығын мемлекетіміздің мерейлі мерекесі – Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын, – деді Мейірхан Азатұлы.

– Елбасы Н.Назарбаевтың «Конституция – Қазақстанның өркендеуі мен өрлеуінің негізі» – деген ашық ойы Ата Заңымыздың елдіктің айнасы, кемел болашақтың қайнар бастауы екендігін айқындап берді. Бүгінде Конституция мемлекет пен халық игілігіне қызмет етудің үйлесімді оң үлгісін көрсетіп, өзара берекелі байланыстың алтын көпіріне айналып отыр.

Ынтымағы мен достығы, татулығы мен бірлігі жарасқан көпұлтты Қазақстан халқы қасиетті еліміз бен киелі жеріміздің тұтастығына көпір болып отырған

Ата Заңымызды мақтан етеді, – деген аудан басшысы одан әрі: – Ұлы даланы мекендеген алты Алаштың да өз дала заңдары, өзіндік Конституциясы болған. Қазақ даласында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» секілді заң жүйелері – Қазақ елі Конституциясының ертеректе қаланған іргетасы, – деді.

Аудан басшысы одан әрі Ата Заңымыздың ерекшеліктері мен қоғам өмірінде беріп отырған зор мүмкіндіктері, ел игілігіне жасап отырған қызметі туралы да айтып өтті.

– Халқымызда: «Тозар елдің жанжалы бітпес, озар елдің арманы бітпес» – деген аталы сөз бар. Кейбір елдер жанжалдасып жатқанда, біздің Ата Заңымыз Қазақ халқын біріктірді... Бүгінде қазақстандықтар 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиялық жоспарларын орындауға кірісті. Орталық Азия жаңа қиын-қыстау кезеңге ұшыраған кезде Елбасы жаңа «Нұрлы жол» экономикалық саясатын жариялады. Алдымызда әлемдегі аса дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу мен Ұлт жоспары – бес халықтық

реформаны іске асыру міндеті тұр, – деді М.Өмірбеков.

Марапаттау рәсімін Мейірхан Азатұлы Өмірбеков Елбасы Жарлығымен берілген, жеті және одан да көп баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеген Әбілдаева Тоғжанға (Кеңес ауылы), Абенова Зәурешке (Сұрат ауылы), Оразымбетова Светаға (Төтті ауылы) «Алтын алқа» алқаларын, алты бала туып, өсірген Аманжолова Аидаға (Меркі а/о), Тулеубекова Индираға (Андас батыр а/о), Халафова Мерибан (Сарымолдаев а/о), Эрестаева Фатимаға (Сарымолдаев а/о), Якубова Фирузаға (Сұрат а/о) «Күміс алқа» алқаларын салтанатты түрде тағудан бастады. Одан соң ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін және Конституция күніне орай бір топ азаматтар аудан әкімінің және аудандық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен және «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Мерекелік жиын соңында жиналған қауым «Меркі әуендері» ұлт аспаптары ансамблі мен өншілерінің және «Үміт» сарайы жанынан құрылған «Жібек жолы» бишілерінің өнерлерін тамашалады.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Жақында аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында «Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» КММ-нің әлеуметтік жобаны іске асыру жөніндегі жоспарларына сәйкес жиын өтіп, онда «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы» ЗТБ өкілі Исламбек Дастан жиналғандар алдында «Қоғамдық кеңестің жұмысын жүргізу туралы» лекция оқыды.

Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, «Меркі тынысы».

– Қоғамдық кеңестің отырыстары ережеге сәйкес, тоқсанына кем дегенде бір рет өткізілуі тиіс, алайда, бүгінгі саяси ахуалға, уақыттың тығыздығына байланысты айына бір рет ұйымдастырылса болады. Мұндағы ең басты нәрсе – жедел түрде қарау керек, – деді И.Дастан.

Исламбек Дастан, негізінен, қоғамдық тыңдау өткізудің механизмдері, кеңестің жұмыс жоспарлары, хаттамалық тапсырмалар, сондай-ақ, кеңес отырысын немесе кеңестің Президиум отырысын өткізу, қоғамдық тыңдауға дайындық жүргізу, спикерлерді дайындау, БАҚ арқылы шақыру, қонақтарды іріктеу, хаттамалық тапсырмаларды тарату мен жауаптарын жинақтау және т.б. туралы слайдтар көрсете отырып, кеңінен өңгімеледі.

Жиынға қатысқан аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, ұйым-мекеме жетекшілері және БАҚ өкілдері И.Дастанға өздерін мазалаған сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды.

В НАШИХ СИЛАХ НЕ ДОПУСТИТЬ ПОВТОРЕНИЯ ЯДЕРНЫХ ИСПЫТАНИЙ



Все началось 1 августа 1949 года, когда СССР впервые испытал свое ядерное оружие, мощностью 22 килотонны, в степи северо-восточного Казахстана. В течение последующих 40 лет на территории крупнейшего в мире Семипалатинского ядерного полигона было произведено еще 456 ядерных испытаний. Суммарная мощность испытанных ядерных зарядов в 2500 раз превысила мощность атомной бомбы, сброшенной на Хиросиму. Именно на Семипалатинском полигоне 12 августа 1953 года была испытана первая советская водородная бомба, мощностью заряда 400 килотонн тротилового эквивалента.

В 1991 году полигон был закрыт Указом Президента Казахстана Н.Назарбаева. Так, был положен конец испытаниям советского ядерного и водородного оружия, почти полвека терзавшим взрывами казахстанскую землю и наносившим колоссальный ущерб природе и здоровью людей. Большую роль в его закрытии сыграло народное антиядерное движение «Невада – Семипалатинск» и его лидер Олжас Сулейменов. В 1989 году массовые акции движения «Невада-Семипалатинск» остановили одиннадцать взрывов из восемнадцати запланированных на Семипалатинском полигоне, а в 1990 и 1991 годах не позволили произвести ни одного.

Независимый Казахстан стал первым свободным от ядерного оружия государством среди республик бывшего Советского Союза. В августе 1996 года Казахстан подтвердил приверженность к миру, поставив свою подпись в ООН под Договором о нераспространении ядерного оружия.

Последствия радиации затро-

нули три поколения казахстанцев. Диапазон проблем со здоровьем невероятно широк – от заболеваний щитовидной железы и рака до врожденных дефектов, преждевременного старения и сердечно-сосудистых заболеваний. В среднем, продолжительность жизни в регионе на семь лет меньше, чем в остальных областях Казахстана.

Трагическая судьба Семипалатинского полигона и 40 лет испытаний, выпавших на долю казахстанской земли и ее народа, радиационный фон, который не смолкает и ныне, страшные генетические мутации, принесшие горе не в одну семью, должны быть предостережением для всех стран и последующих поколений. К сожалению, мы не можем изменить прошлое, однако в наших силах не допустить повторения ядерных испытаний в будущем.

Б.АДИЗБАЕВ,
председатель
ОО «Чернобыль-Семей».

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, МЕРКІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ

Меркі ауылы

№342

19 тамыз 2016 жыл

АУДАНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША КҮЗГІ ЕКІ АЙЛЫҚ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Меркі ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 2016 жылдың 1 қыркүйек – 1 қараша айлары аралығында аудандағы елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша күзгі екі айлық кезінде атқарылатын жұмыстардың іс-шаралар жоспары бекітілсін;
- Аудандағы елді мекендерде жүйелі түрде тазаланып тұруын және жиналған құл-қоқыстарды уақтысында рекультивация жасалуын қадағалау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының Меркі ауданы бойынша мемлекеттік инспекторына (Т.Смағұлов келісімі бойынша), аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жүктелсін.
- Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне:
 - күзгі екі айлық кезінде әр аптаның сенбі күндері және мереке қарсаңында аудан аумағына сенбіліктер ұйымдастырсын.
- Аудан әкімдігінің бөлім басшыларына:
 - ауданда елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша күзгі екі айлық кезіндегі бекітілген бөлініске сәйкес, сенбіліктерге бөлім қызметкерлерінің толыққанды қатысуын қамтамасыз етсін.
- Аудан әкімдігінің білім бөліміне:
 - аудандағы білім мекемелерінің аумақтарына абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізісін.
- Ауылдық округ әкімдеріне:
 - облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 27 маусымдағы №14-14 шешіміне сәйкес жұмыстарды сапалы жүргізісін;
 - округ аумағында және оған қарасты елді мекендерде орналасқан мейрамханалардың, азық-түлік дүкендердің және барлық сауда нысандарының жанын уақтылы тазартылуын, маңдайшаларындағы атаулары және билбордтардың талапқа сай болуын қамтамасыз етсін;
 - округ аумағында орналасқан барлық мемлекеттік, квазимемлекеттік және кәсіпкерлік нысандар сенбілікке тартылсын;
 - абаттандыру және санитарлық тазалыққа бөлінген қаражаттың толығымен игерілуі бақылауға алынсын;
 - күзгі екі айлық кезінде округ аумағындағы тұрғындарды тарта отырып, санитарлық тазалық жұмыстары бойынша акциялар ұйымдастырсын;
 - жарықтандыру және санитарлық тазалықты сақтау жұмыстары қадағаланып, саябақтар мен скверлерді көріктендіру, көшелерді, арықтар мен арналарды, кездейсоқ құл-қоқыс орындарын жоюды қолға алып, әр аптаның сенбі күні тазалық күні деп белгіленіп, сенбіліктер ұйымдастырылып күзгі екі айлық кезінде әр аптаның сейсенбі күні аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне ақпарат беріп отыру тапсырылсын;
 - округ аумағында жиналған стихиялық құл-қоқыс орындарын тазалап, рекультивация жасап, ретке келтірсін;
 - жасыл белдеулерді орналастыру мақсатында бөлінген жерлерді жырту және қоршау жұмыстарын ұйымдастырсын;
 - округ аумағында орналасқан мекемелер бойынша нақты іс-шаралар жасалынып, олардың орындалуы бақылауға алынсын.
- Аудандық «Меркі тынысы» газетінде күзгі екі айлық кезіндегі санитарлық тазалық жұмыстарының барысы туралы материалдардың жариялануы аудан әкімдігінің ішкі саясат бөліміне тапсырылсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қасымов Рүстем Қалмұхамбетұлына жүктелсін.

М.ӨМІРБЕКОВ,
аудан әкімі

ВОСПИТЫВАЮТ ПАТРИОТОВ РОДИНЫ

Патриотическое воспитание сегодня одна из главных задач, поставленных в Послании Главы государства. Ведь от того, каким вырастет новое поколение зависит будущее нашей страны.

Ольга МАЗУР,
«Меркі тынысы».

Подрастающее поколение должно быть патриотичным, любить и гордиться своей страной и им, конечно же, нужны достойные примеры. Именно таким примером мужества, любви к своему Отечеству, стойкости духа являются для них ветераны Великой Отечественной войны, которых, к огромному сожалению, с каждым годом становится все меньше, а также ветераны-«афганцы», которые с честью и достоинством исполняли свой патриотический долг перед Родиной.

Они постоянные гости на всех мероприятиях патриотического характера в школах, колледжах района, на классных часах, на которых делятся воспоминаниями о своих боевых буднях, призывая ребят идти служить в ряды Вооруженных сил Республики Казахстан, выбирать для себя такую благородную профессию – защищать Родину.

Благодаря воинам-интернационалистам ОО «Союз ветеранов войны в Афганистане Меркенского района» для молодежи патриотизм не просто слова, это основа их жизни. Ведь только патриоты своей страны могут сделать Казахстан еще более сильным, процветающим. А ветераны Великой

Отечественной войны и воины-интернационалисты – это те люди, кто своим примером, своими яркими и героическими судьбами продемонстрировали то, что надо быть достойными гражданами своей страны, брать пример со старших и умудренных жизненным опытом.

Члены ОО «Союз ветеранов войны в Афганистане Меркенского района» постоянно ведут патриотическую работу, все вместе они собираются и отмечают праздники, семейные торжества, во всем поддерживая друг друга, проводят собрания, встречи, на которых решают свои внутренние вопросы. Так, ОО «Союз ветеранов войны в Афганистане Меркенского района» приглашает ветеранов Афганской войны в парадной форме, с медалями, на отчетновыборное собрание, которое состоится 7 сентября 2016 года, в 12.00 часов, возле памятника.

Патриотизм – это любовь к Отечеству. Нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь к Отечеству и готовность подчинить его интересам свои частные интересы. Это трепетное отношение к своей Родине, уважительное отношение к старшему поколению. Не обойдут стороной на встрече ветераны-«афганцы» и тему привития молодежи патриотизма.

Аудан әкімдігінде Меркі аудандық прокуратурасының прокуроры Қ.Қартаңбайұлы, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Д.Тасқараев, аудандық тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының басшысы Д.Кударова, аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Л.Азизбекова, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Б.Байтік және аудан көлеміндегі бизнес саласының өкілдерінің басын қосқан «Кәсіпкерлердің өз қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдарда жиі кездесетін түйінді мәселелері» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстелді аудан әкімінің орынбасары Р.Қасымов ашып, жиынға қатысып отырған қонақтармен таныстыра келе, ауданның шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің атқарып жатқан жұмыстары жайлы айтып,

жер асты суларын пайдаланғаны үшін 1 айлық есептік көрсеткіш төлеу керектігі ескертілуіне сәйкес, оның көлемі бір тоқсанға 46 млн. теңгені құрап тұр! Егер бүгінгі күні жер асты суларын пайдаланғаны үшін осындай қаражат төлейтін

Дөңгелек үстел

мәселені республикалық деңгейге көтеріп, заңға тиісті өзгерістер енгізу керектігін жеткіземіз, – деп жауап берді.

Әрі қарай аудан өкімінің орынбасары Р.Қасымов аталған сұрақты Меркі аудандық прокуратурасының прокуроры Қ.Қартаңбайұлына өз бақылауына алуын айтып, заң жүзінде шешімін табуына ықпал жасау керек екендігін жеткізді.

Д.Кударова өз сөзінде өткен жылдың қазан айында қабылданған «Кәсіпкерлік кодексіне» сәйкес, тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының жеке кәсіпкерлік

ТҮЙІТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



күн төртібіндегі мәселелерге тоқталды.

Алғашқы сөз кезегін алған Лиза Азизбекова бүгінгі күні аудандық кәсіпкерлер палатасының атқарып жатқан жұмыстары туралы әңгімелеп, палатаның кәсіпкерлерге көрсететін қызметтері туралы мәліметтерді жеткізді. Осы тұста жеке сөз алған кәсіпкер Б.Мырзабаев бүгінгі күні кәсіпкерлерден алынатын мүшелік жарна сомасы едәуір үлкен екеніне және осы жарнаның көлемі қалай анықталатыны туралы сауал қойды. Аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Л.Азизбекова: – Аталған жарнаның көлемін біздің палата есептемейді, – дей келе, оның облыстық кәсіпкерлер палатасымен анықталатындығын жеткізді.

Келесі сөз кезегін алған Бақыт Байтік бүгінгі күні аудандағы кәсіпкерлік субъектілері саны, салықтық есепті қалай тапсыру жолын, жеке кәсіпкерлікті қалай ашу және оны жабудың жолдары туралы сөз қозғады. Сарымолдаев ауылдық округінің әкімі Қ.Смайлов: – Қазіргі таңда ауданымызда «такси» көліктері көбеюде. Осыған байланысты бұл қызметпен айналысып жатқан азаматтар мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген бе, сондай-ақ, түсіндіру жұмыстарының жүргізілу жолдары қандай? – деп сұрағын қойды. Бұл сұраққа Б.Байтік: – Бүгінде осы қызметпен айналысатын 40-қа жуық азамат біздің басқармада жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, басқа да азаматтардың тіркелуін қамтамасыз ету үшін түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, – деді.

Жиын барысында, «Меркі шипажайы» АҚ-ның өкілі, аталған шипажайдың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін жер асты суларын пайдаланғаны үшін базалық ставкадан бөлек 10,6% мөлшерлемемен салық төлеп келгендігін жеткізді. Ал, қазіргі таңда, Салық кодексінің 342-бабына өзгерістер енгізіліп, 1 текше метр



болса, жаңадан дамып, республика көлемінде, сонымен қатар, шетел мемлекеттеріне аты танылып келе жатқан кәсіпорынның экономикалық жағдайына кері әсерін барынша тигізері белгілі.

Бұл мәселенің түйінін шешу үшін Меркі аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы Салық кодексіне енгізілген өзгерістер бойынша облыстық мемлекеттік кірістер басқармасына хат жолдапты. «Меркі шипажайы» АҚ-ы жоғарыда айтылған ставкамен төлеуі керек екендігі тағы да айтылды. Алайда, бүгінгі күні сот арқылы немесе Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізу керектігін жоғары органдарға ұсыну керек. Ал, «Ақниет шипажайы» ЖШС-гі бойынша осы мәселеге орай, бүгінгі күні облысқа хат жолданып, жер асты суларын пайдаланғаны үшін салық мөлшерлемесі анықталуда.

Осы тұста сөз алған аудандық кәсіпкерлер палатасының заңгері Н.Шойбек: – «Меркі шипажайы» АҚ-ы бұл сұрақпен бізге қайырылған болатын. Бұл мәселені облыстық деңгейде көтеріп, Қазақстан Республикасы бойынша басқа да аудандарда осындай жағдай қалыптасып, дәл осындай проблемалар басқа өңірлерінде орын алса, осы

субъектілеріне тексеру тағайындалуы, тексерудің алдына 30 күн бұрын ескертілетіндігі, сайтқа кіріп, тексеру үшін қандай талаптар орындалуы керектігі жайлы және кәсіпкерлер бүгінгі таңда «Аудит» жүйесімен тексеру жүргізілсе, 5 жыл мерзімге дейін аудандық тұтынушылар басқармасы тарапынан тексеру жүргізілмейтіндігін айтты.

– Қазіргі уақытта мемлекет кәсіпкерлерге барынша қолдау көрсетіп келеді. Осыған орай, бүгінгі таңда прокуратура органдары және басқа да мемлекеттік органдар кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге тиіспіз деп, егер де кәсіпкерлердің құқықтары бұзылған жағдайда Меркі аудандық прокуратурасының сенім телефоны 2-10-50 нөміріне хабарласуларыңызға болады, – деген Қ.Қартаңбайұлы прокуратура органдары әрдайым заң жүзінде кәсіпкерлерге барынша қолдау көрсетуге дайын екендігін жеткізді.

Жиынды аудан өкімінің орынбасары Р.Қасымов қорытындылады.

Суреттерде: президиумда; залдан көрініс.

Нұрдәулет САҒЫНДЫҚОВ
аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің маманы

ЛЕГАЛИЗАЦИЯ: ИСПОЛЬЗУЙ СВОЙ ШАНС!

С первого сентября текущего года вступает в силу Закон Республики Казахстан «Об амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией ими имущества» от 30 июня 2014 года № 213-V.

В соответствии со статьей 1 Закона легализация имущества – эта процедура признания государством прав на имущество, выведенное из законного экономического оборота в целях сокрытия доходов и (или) не оформленное в соответствии с законодательством Республики Казахстан либо оформленное на ненадлежащее лицо. Таким образом, государство в формате программы о легализации проводит разовую акцию, которая призвана помочь всем желающим законно легализовать свое имущество. О проведении легализации в районе с заместителем акима района, председателем комиссии по легализации Рустемом Калмухамбетовичем Касымовым побеседовала корреспондент районной газеты «Меркі тынысы» Ольга Мазур.

– **Рустем Калмухамбетович, каковы основные принципы легализации?**

– Во-первых, легализация проводится в целях сокращения объемов теневой экономики и вовлечения в экономику страны дополнительных средств и имущества.

Во-вторых, легализованные деньги и имущество не признаются доходом для целей налогообложения, соответственно, не облагаются подоходным налогом.

В-третьих, субъекты легализации освобождаются от уголовной и административной ответственности по ряду статей. При этом, определенные ограничения и требования по легализации предусмотрены Законом.

– **До какого числа возможна подача документов на легализацию недвижимого имущества и кто ее осуществляет?**

– До 30 ноября 2016 года. Легализовать имущество могут граждане Республики Казахстан, оралманы и лица, имеющие вид на жительство в Республике Казахстан. Легализацию осуществляют комиссии при местных исполнительных органах (райакиматах).

– **Каковы сроки рассмотрения документов на легализацию и кто несет расходы, связанные с оформлением легализованного имущества?**

– Срок рассмотрения комиссией 30 календарных дней. Расходы субъекты легализации несут самостоятельно. Легализации подлежит имущество, принадлежащее субъекту легализации или полученное им до 1 сентября 2014 года, то есть, до начала акции по легализации. При обращении в комиссию по легализации гражданам необходимо подать заявление соответствующего образца на проведение легализации иму-

щества в двух экземплярах, копии документа, удостоверяющего личность, с предъявлением оригинала, также потребуются техпаспорт на объект, экспертное заключение относительно технического обследования зданий и сооружений на соответствие объекта строительным нормам и правилам.

В изданном законе четко прописан перечень имущества, которое может быть легализовано. К нему относятся: деньги, ценные бумаги, доля участия в уставном капитале юридических лиц территории Казахстана, соответствующие строительным нормам и правилам, а также недвижимое имущество, находящееся за пределами республики.

Однако, не все выше перечисленное может быть легализовано. Это относится к такому имуществу и деньгам, которые были приобретены в результате совершенных преступлений против прав, свобод человека и государства, коррупционных правонарушений и преступлений, а также незаконного изготовления поддельных денег, ценных бумаг и документов.

– **Как обстоят дела с легализацией по нашему району?**

– Жители района не до конца осознают, на сколько необходима для них легализация. Так, по Меркенскому району 19480 жилых домов. Из них, по данным на 24 августа т.г., легализовано 839 жилых дома, что составляет всего 4%. Самыми активными в легализации среди жителей сельских округов района стали жители Меркенского сельского округа, Жамбылского и Сарымолдаевского. В остальных сельских округах жители к легализации имущества относятся пассивно, отказываясь от прекрасной возможности узаконить свои права на имущество.

– **Почему сегодня так важно легализовать свое имущество?**

– В преддверии всеобщего декларирования доходов и расходов, вопрос легализации имущества является очень актуальным. Сейчас государство предоставило уникальную возможность легализовать имущество, ранее сокрытое от налогообложения и выведенное из законного экономического оборота. В законе четко прописаны гарантии о том, что легализованные средства не облагаются налогами, по итогам акции не будет никакого уголовного, административного преследования субъектов легализации.

Призываю жителей района принять активное участие в легализации, которая является последним шансом для казахстанцев узаконить свои права на имущество. И этим шансом надо успеть воспользоваться.

По всем интересующим вопросам по легализации жители района могут обращаться по адресу: **с. Мерке, ул. Исмаилова, 164, здание районного Дома культуры.**



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында 2016 жылдың 1 қаңтарынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталғандығын айтып, «Бізге тарихымыздағы бұрын соңды болмаған ауқымдағы ұлттық заңнамаға өзгерістерді бағамдау маңызды. Оның үстіне, олар біздің қазақстандық арманымыз – ХХІ ғасырда көшбасшы отыз ұлттың бірі болуға қол жеткізуімізге жол ашады. Біз жеріміз бен оның байлығының ұқыпты иесі болуға үйренудеміз, жаңа технологияларды меңгеріп, тарихымызда ешқашан болып көрмеген өндірістік қуаттар мен экономиканың тұтас салаларын іске қосудамыз. Және ең бастысы – біз жаңаша армандауды, Тәуелсіз Қазақстанымыз бір бөлшегі болуға отырған жаһандық өлемдегі қиындықтарға қарамастан, ел мен қоғамды дамытуда нақты міндеттер қояды және оларды шешуді үйрендік», – дей келе, «Жаңа қазақстандық арман», «Мемлекетті кәсібилендіру», «Құқық тәртібі және заңдылық», «Бюрократтық шығынсыз экономикаға қадам басу», «Сыртқы инвестициялардың жаңа көздері», «Инновациялық и н д у с т р и я л а н д ы р у кәжжіектері» сынды ауқымды тақырыптарға да ерекше тоқталып өткен болатын. Сонымен қатар, Елбасы «100 нақты қадам» – Қазақстан

Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспарын халыққа жариялады.

Елбасы тапсырмаларын іске асыру барысында Меркі ауылдық округі аппаратында арнайы іс-шара жоспарлары жасалып, жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Меркі ауылында 14 наурызда Меркі ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Мұрат Сырлыбаев, 16 наурызда Меркі ауданы прокуратурасының прокуроры Аслан Рахымбайұлы, 6 сәуірде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Лариса Лысова және Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ғылыми сараптама орталығы жетекшісінің орынбасары Парида Мамедова, 2 тамызда Т.Рысқұлов және Меркі аудандары бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалау аға прокуроры Бахтияр Қалысбаев Меркі ауылының тұрғындарымен ҚР Президентінің «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам» атты жоспарын талқылау және іске асыру бойынша өртүрлі тақырыптарда кездесулер өткізіп, көпшіліктің пікірімен бөлісті.

Ағымдағы жылы Ысмайылов көшесі бойындағы №1 және №2 жер асты өткелдері жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді. Мердігері – «Саңыраулардың қазақ қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Тараз оқу-өндірістік кәсіпорыны» мекемесі.

Сондай-ақ, орталық базар

алдындағы қоғамдық жерді абаттандыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Бұл жерде де құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер – «Саңыраулардың қазақ қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Тараз оқу-өндірістік кәсіпорыны» мекемесі.

Ысмайылов көшесіндегі №17 И.Трубицын атындағы орта мектеп-гимназиясы жанындағы өзеннен өтетін көпірдің металл қоршаулары ауыстырылды. Мердігері – «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

№17 И.Трубицын атындағы орта мектеп-гимназиясы ғимараты күрделі жөндеуден өткізілуде. Мердігері – ПСК «Алибек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

«Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында округ аумағында 3 га жерге саябақ орналастыру үшін ЖСҚ дайындауға «ЛидерПроектДизайн» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, жұмыстар жүргізілуде.

Әрине, «Ұлт жоспары – ұрпақ қамы». Егемен еліміздің өркендеуі, гүлденуі жолында аянбай еңбек етіп, Елбасы тапсырмасын орындау – ең басты мақсатымыз. Алда да көптеген келелі істерді атқару жоспарда бар. Бүгінгі әрбір атқарған істеріміз, толағай табыстарымыз бен жеткен жетістіктеріміз – жарқын болашағымыздың кепілі.

Е.ҚОСУАҚОВ,
Меркі ауылдық округінің әкімі.

С ЧУВСТВОМ УВЕРЕННОСТИ В ЗАВТРАШНЕМ ДНЕ

«Социальное самочувствие простых людей должно быть важнейшим индикатором нашего главного продвижения к главной цели». Этот тезис, озвученный Главой государства в Послании народу Казахстана, касается абсолютно всех сфер нашей жизни. Казахстан сегодня стремится войти в число наиболее конкурентоспособных стран мира, и важнейшим залогом достижения этой цели является добросовестное исполнение каждым из нас своих служебных и гражданских обязанностей.

Повышение качества жизни и улучшение социальной защиты ветеранов войны и тружеников тыла – главная задача государства и общества, которая красной строкой проходит через всю Стратегию «Казахстан-2050». Глава государства и Правительство уделяют особое внимание вопросам охраны здоровья, отнеся его в ранг национальных приоритетов, ведь это одно из условий вхождения Казахстана в число 30 самых развитых государств мира. В этих целях проводится системная модернизация здравоохранения, внедряются инновации с целью кардинального улучшения качества жизни людей, повышения осведомленности гражданами республики в области права на здоровье. Все эти меры ориентированы на конечный результат – увеличение продолжительности жизни

и снижение смертности населения. В стране делается все, чтобы достигнуть цели обеспечения конституционных прав граждан на охрану здоровья и получение квалифицированной медицинской помощи.

Также Елбасы в своем Послании уделяет особое внимание развитию транспортной, энергетической, индустриальной, социальной инфраструктуры, малого и среднего бизнеса. А объявленная Главой государства Новая экономическая программа является упреждающей и адекватной реакцией на вызовы, с которыми сталкиваются не только постсоветские, но и многие другие государства. Главная цель предложенных мер – сохранить социальную стабильность. Поддержка малого и среднего бизнеса и деловой активности неизменно находится в поле

зрения Главы государства. Многие трудоспособные жители района, области заняты в этой сфере. Благодаря поддержке Елбасы их бизнес растет и развивается. Важны и весьма современны меры по развитию агропромышленного комплекса страны. В своей статье «План нации – путь к казахстанской мечте» Глава государства делает акцент на построении профессионального государства. Правопорядок и законность – еще одно важное направление реформ, которые раскрыл в своей статье Лидер нации. Все законодательные нововведения направлены на то, чтобы повысить доверие общества к системе правосудия, а значит – укрепить доверие к самому государству. Одним словом, Послание Главы государства народу Казахстана дает нам чувство уверенности в завтрашнем дне, возможности работать и воспитывать детей, не беспокоясь об их будущем.

Н.СЕЛИМШАЕВА,
профком СШ №16.



С ЛЮБОВЬЮ К МУЗЫКЕ И ДЕТЯМ

Музыка. Что может быть прекрасней и чудесней. Манат Смайловна Абдрешова родилась 30 августа 1958 года и отмечает свой День рождения в прекрасный и значимый для страны праздник – День Конституции и для нее это значимо. Она отмечает свой День рождения накануне еще одного большого для себя праздника – Дня знаний, который каждый год, как учитель по призванию, ждет с особым чувством и трепетом. Вот уже много лет 1 сентября, с трелью первого звонка, начинаются для нее трудовые будни.

Ольга АКИНИНА, «Меркі тынысы».

По профессии Манат Смайловна (на снимке) – учитель музыки. В свое время она сама закончила детскую музыкальную школу по классу «Домбра» в Жалагашском районе, затем в городе Кызылорде окончила педагогическое училище, по классу «Фортепиано». Начинала свою трудовую деятельность музыкантом в детских садах в Жалагашском районе, затем окончила педагогический институт, музыкальный факультет в городе Алматы. Являясь в 1986 году студенткой, была свидетелем событий желтоксан в городе Алматы.

В Меркенском районе Манат Смайловна Абдрешова работает с 1998 года. Начинала трудиться в СШ №18 им. А.Косанова и вот уже много лет, с 2008 года, работает учителем музыки в СШ №16.

Для Манат Смайловны музыка – это целый мир. Любовь к музыке, стремление отдавать себя детям,



вера в то, что без настоящей музыки нельзя стать гармонично развитым человеком, увлеченность своим делом – этими чувствами она живет постоянно.

Она считает, что это очень

важно, помочь детям приобрести знания, сформировать умения и навыки и для нее гораздо важнее то, что с ее уроков они выйдут дружными: размышляющими, одухотворенными, способными понимать прекрасное. И Манат Смайловна гордится своими талантливыми учениками, победителями многих районных, областных конкурсов, такими как Жаксылык Турекул и Айзада Дуйсебай, часто слышит от своих учеников и их родителей слова благодарности за интересные и насыщенные уроки.

Занятия музыкой дают детям возможность снять напряжение, почувствовать себя в новом качестве и это не просто игра или развлечение, это – работа души.

На уроках, которые она проводит по новым технологиям, Манат Смайловна всегда стремится к непосредственному общению, к тому, чтобы ребята, у которых возникают трудности, поверили в свои силы, отмечая и всячески поддерживая даже самые незначительные успехи в их работе.

И с годами авторитет и профессионализм Манат Смайловны Абдрешовой растет и укрепляется. И об этом свидетельствуют полученные ею Почетные грамоты, дипломы и Благодарственные письма. И она счастлива от того, что занимается любимым делом – музыкой!

Құттықтаймыз!



Тәтті ауылының кішкентай тұрғыны, сүйікті немереміз **Мергенбай Исатай Бауыржанұлы** 1 қыркүйекте 1 жасқа толған туылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасымызға қуаныш, шаңырағымызға шаттық сыйлаған сүйкімді немеремізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз. Көзқуанышымыз, кішкентай балапанымыз атына заты сай батыр атасы «Исатайдай» мықты, ақылды, саналы, мейірімді, бақытты бала болып өсуіне тілектеспіз. Әрдайым алдымызда ойнап-күліп, қызықты қылықтарымен бізді әрдайым қуанта берсін. Өмір жасы ұзақ болсын.

Ата-анаңа пана бол,
Тек ақылды бала бол.
Дүниенің сырын білген,

Ғалым да бол, дана бол.
Елін сүйген, халқын сүйген,
Жаның аппақ таза болсын.

Ізгі ниетпен: нағашы әжесі-Шолпан, нағашы аталары-апалары – Әбілқасым-Айгүл, Құмбел - Әлия, нағашы ағалары-жеңгелері – Ербол-Мадина, Ерлан-Жазира, Тұрсын-Гүлзінат, Білім-Ақерке, Мақсат, нағашы әкпелері-жезделері Шекерхан-Қалима, Гүлнұр, Сапар-Назым, Назерке-Олжас, Айдын-Тұрсынхан, Қымбат-Ұлан, Диана, бөлелері-Бақдәулет, Іңкәр, Нұрәли, Сезім, Айтолқын, Әділхан.



Бала дегеніміз – болашақ. Бүгінгі бала – ертеңгі елдің болашағы. Бүгінгі таңда әрбір бала өзіне қажетті білім алуға құқылы. Балалардың білім алуына материалдық қажеттіліктердің жетіспеушілігін болдырмау мақсатында республикамызда «Мектепке жол» акциясы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында ұйымдастырылып, өткізілуде.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ!

«Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы «Бақытты балалық шақ!» ұранымен мектебімізде өз жұмысын жалғастыруда.

Акцияның мақсаты – мектепке баруға мүмкіндігі жоқ аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға қамқорлық көрсетіп, мұқтаж отбасылардың балаларын мектепке дайындауда көмек көрсету және оларға толықтай білім алуға жағдай жасау.

Акцияда ата-аналар – Б.Совет, А.Жетіғенова, Л.Кошева, Л.Фокина,

А.Тюфанов, С.Шабанова, Г.Качевская, Л.Левшиц, С.Рахматова, мектеп мұғалімдері – Ж.Жиренбаева, Г.Абдраманова, Л.Тотаевалар қайырымдылық көмектерін көрсетті.

Осы акцияға белсене қатысып, балаларға қуаныш сыйлап, мейірімділік пен жомарттық танытқан азаматтарға шексіз алғысымызды білдіреміз.

Ф.РАХМЕТОВА
№17 И.Трубицын атындағы орта мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы

Хабарландырулар ● Объявления

ИЗГОТОВИМ

пластиковые окна, двери, витражи. Европейское качество.

ПРОДАМ

пескоблоки – простые, рваные, стенные. Обращаться по тел.: **87013731408.**

Открылось наследство после смерти Олжабаева Бекбергена Досекевича, умершего 18 июля 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

В связи с прекращением предпринимательской деятельности ИП «Интерлингва», на имя Киргизбаевой Венеры Амিরеевны, ИИН 760728401892, все претензии принимаются в течение одного месяца после опубликования по адресу: с. Мерке, ул. Кемельбекова, 5.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Кулбеков Осергали Карбозовичтің атына берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін №454266, кад. №06-092-043-571, (жер учаскесінің алаңы: 0,1050 га) мемлекеттік акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

ПРОДАЕТСЯ

дом из 5 комнат, земельный участок 6 соток. Имеются зимняя и летняя кухня, баня, сарай, сеновал, огород по адресу: ст. Мерке, ул. Железнодорожная, 29. Тел.: 87023641318; 87479490263. Цена договорная.

Лето и начало осени – пора отпусков и путешествий, а солнце, свежий воздух и вода – его главные бонусы. И купание – одно из самых приятных удовольствий этого сезона. Купаться любят все! Как же купаться правильно, чтобы не навредить себе проблем со здоровьем?

Купание само по себе является одной из оздоровительных и закаляющих процедур и зачастую даже рекомендуется медиками при определенных проблемах со здоровьем. Особенно купание в морской воде – оно улучшает обменные процессы в организме, тонизирует нервную и кровеносную системы, полезно при некоторых заболеваниях дыхательной системы и некоторых болезнях суставов. Но при серьезных недугах, конечно же, необходимо проконсультироваться со своим врачом перед отъездом на отдых, чтобы не пришлось потом на курорте сидеть на берегу и лишь издали наблюдать за волнами. Например, воспаление мочевого пузыря – цистит, может резко обостриться при переохлаждении во время купания, поэтому узнайте заранее, какими лекарствами запастись, если не удастся избежать этой неприятности.

Переохлаждение – самая распространенная проблема при купании. Об этом необходимо помнить тем, кто подвержен частым простудным заболеваниям, имеет проблемы с сосудами. Нужно учитывать, что соленая морская вода больше, чем пресная, охлаждает тело. В воде надо активно двигаться, и не стоит купаться до появления «гусяиной кожи». После выхода на берег желательно растереться полотенцем и переодеться в сухой купальник.

На заметку: в прохладной воде чаще происходит сведение мышц ног судорогой. Всем, кто склонен к такому повороту, лучше не плавать далеко от берега и желательнее иметь на купальнике пристегнутую булавку. Это скорая помощь при внезапной судороге: быстро отстегнули, пару раз укололи онемевшее место – вскоре подвижность восстановится.

Особую осторожность следует соблюдать при купании в стоячих пресных водоемах, здесь намного чаще можно подцепить какую-то инфекцию, особенно если в водоеме плавают утки, гуси,

чайки, приходит на водопой скот. Самая распространенная инфекция – кишечная палочка, которая может вызвать плюс ко всему еще и аллергическую реакцию. Еще одна неприятная напасть – церкариоз, или «зуд купальщика», его можно подхватить, пробовав в воде буквально 10-15 минут или даже прогулявшись босиком по мокрой траве на берегу. Уже через 30-40 минут тело начинает нестерпимо чесаться, покрывается волдырями, похожими на комариные укусы, и этот зуд продолжается несколько дней.

Возбудителями являются личинки гельминтов водоплавающих птиц – церкарии, которые выходят из тела промежуточных хозяев (прудовиков – речных моллюсков), свободно перемещаются в воде и проникают на кожу водоплавающих птиц и человека. Признаки церкариоза: зуд или жжение, почесывание и покраснение кожи на голени, бедрах, ягодицах, появление сыпи и волдырей, головокружения и слабости; при сильном поражении может появиться сухой кашель и подняться температура. Облегчить состояние и уменьшить зуд поможет ментоловая мазь, содовый раствор, но поход к врачу обязателен. Болезнь длится около недели, а пигментация кожи и слабый зуд сохраняются до 3 недель.

При купании в море, особенно где-то в далеких и жарких краях, остерегайтесь ожогов медуз и встречи с «португальским корабликом».

При купании следует соблюдать определенные меры безопасности.

Не стоит сразу бросаться в воду, едва появившись на пляже. Резкие перепады температур могут вызвать спазмы сосудов. Дайте организму минут 15, чтобы адаптироваться к микроклимату пляжа, а потом уже спокойно входите в воду и начинайте плавать.

Старайтесь купаться только в теплую погоду – не ниже 23 градусов в воздухе. И не стремитесь в первый же день открытия своего личного купального сезона полдня провести в воде – для начала достаточно искупаться один раз.

Никогда не ныряйте в незнакомых местах! О камнях и корягах можно не только серьезно пораниться, но и получить травму, несовместимую с жизнью. Уж сколько трубят об этом каждое лето, но всё равно по этой причине ежегодно гибнут люди.

Отдельное внимание сочетанию питания и купания: между тем и другим должен быть промежуток в 1 час в любую сторону. То есть, нельзя наедаться ни перед самым купанием, ни сразу после него.

На юге старайтесь купаться главным образом утром – с 9 до 12 часов и вечером – после 17 часов. Жаркий день посвящите другим видам отдыха и досуга – посидите в прохладной кафешке, прогуляйтесь по парку, сходите на экскурсию.

Но, с другой стороны, вода может нести в себе неожиданные сюрпризы (как в пресных стоячих водоемах, о чем писалось выше), слишком много соли (как в море) или хлор (как в бассейнах). Поэтому, после каждого купания, при возможности, следует ополаскивать тело чистой пресной водой или хотя бы хорошенько вытираться полотенцем. А вернувшись с пляжа, тщательно прополоскать рот и горло, промыть нос и уши и принять душ с мягким гелем, после чего, нанести на кожу увлажняющий крем.

Мы так мечтаем о хорошем отдыхе, чтобы зарядиться энергией и положительными эмоциями. Так пусть же он приносит только радость и удовольствие.

Будьте внимательны и аккуратны!

К. ДАРИМКУЛОВ,
главный специалист отдела ЧС
Меркенского района, подполковник
гражданской защиты



МЕРКІ
ТЫНЫСЫ

Директор –
Бас редактор
Әтіркүл ИСАЕВА

vestnik-merke@mail.ru

Меншік иесі:

"Меркі тынысы" –
Баспасы" жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Индекс: 080500,
Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Ә.Ысмайылов көшесі,
№349.

Телефондар: Бас
редактор –
4-07-33 (факс.),
бөлімдер – 4-07-35;
4-07-58;
есепші – 4-07-34

ТАРАЛЫМЫ: 2584 дана

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖК ЖТО «Али ЗА» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КУӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.